АҚМЕШІТ жастары

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 05 (490)
2 ақпан, 2023 жыл

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

«Кәсіп игеру керек» деп тапқан адамға «немен айналысамын?» деген сауал қорқыныш тудырмағаны абзал. Себебі ештеңеден тайсалмай, алға ұмтылған жанның ғана шығар белесі биік. Қуантатыны, қазір осыны түйсініп, ойлаған ісін ұршықша иіріп әкеткен жастар көп. Жақында батыл бастаманы қолға алып, қаладан «Orta» рухани-интеллектуалды демалыс орталығын ашқан замандастарымыз сөзімізге дәлел. Ал мұнда болашақта қандай орта қалыптасатыны жайлы «Orta»-ның құрылтайшысы Ақтілек Темірбайұлымен сұхбатта.

– Орталықтың атауы ерекше екен. Не себепті «Orta» деген таңдауға тоқталдыңыздар?

– Сыр өңірінде белсенді жас көп. Олардың бос уақытын пайдалы өткізу назардан түспеу керек. Сол себепті де «Orta» ашылды. Мұнда жанды дауыста ән орындап, достармен мазмұнды, интеллектуалды ойын ойнауға, кітап оқуға, оны талқыға салуға, сол арқылы ерекше әсер алуға болады.Үйдегі тәрбие-танымнан бөлек жүрген ортаның әсері әрбір жасқа ықпал етері анық. Адам баласы өзгерістер енгізу үшін, даму үшін, тұлға болып қалыптасу үшін ортасын дұрыс таңдау қажет. Сондықтан біз осы атауға тоқталдық. Кәсіптің түрі көп. Біреу қаржыны мол табатын іс таңдайды. Енді бірі адамға көтеріңкі көңіл-күй ғана емес, өзгеше шабыт сыйлағысы келеді. Міне, біз солардың қатарынанбыз. Мақсат – жан-жақты, креативті, парасатты жастардың шоғырын қалыптастыруға үлес қосу.

– Демалысын тиімді өткізгісі келетін жастар орталыққа қай уақытта келе алады?

– Бізде арнайы демалыс күні бекітілмеген. Бірақ сенбі, жексенбі күндері келушілер көбейеді, отбасымен уақыт өткізгісі келетіндер қонаққа келеді. Негізі күндіз 10:00-ден кешкі уақытқа дейін қызмет көрсетеміз. Қазір келушілер қатарында жастар көп. Әзірге үш адамды жұмыспен қамтыдық.

– Орталықты ашуға идея қайдан келді? Мемлекет тарапынан қолдау бар ма?

– Қалада интеллектуалды сайыстар көп өтеді. Оған қызығатын жастар саны да күн санап артып келеді. Біз бұл мүмкіндікті қалт жібергіміз келмеді. Қазір біреуді қинап, «мына жер әдемі, мұнда қызықты шара өтеді» деп жетектеп әкеле алмайсыз. Себебі бүгінгі буынның көзқарасы, қалауы бөлек. Біз жастар өз еркімен келетін орталыққа айналғымыз келеді. Орталықты ашуда мемлекет тарапынан ешқандай көмек алмадық. Тек ойдағы идеяға қанат бітірдік. Бірақ алдағы уақытта орталықты турлендіру, қызмет аясын кеңейту жоспарда.

– Бір күнде қанша адамға қызмет көрсетуге мүмкіндік бар?

– Екі қабатты ғимаратта 300-ге жуық адамды қамтуға жағдай жасалған. Сонымен бірге орталықта асхана бар. Үстел ойындары, монополия – «Қазақ хандығы» деген қызықты ойын бар. Ол Алматыда жиі ойнатылады. Ерекшелігі – жастар тарихтан сыр тарта алады. Бестемше және тоғызқұмалақ ойындары да ойнатылады. Ал оның бүгінгі «Counter-Strike», «Dota»-ға байланған жастардың ойын өзгертуге, рухани кемелденуіне септігі зор.

– Тоғызқұмалақтың қыр-сырын үйрететін арнайы маман бар ма?

– Бұл ойынды көбісі ойнамайды. Мұны игеру үшін есепке жүйрік болу керек. Алайда бізде қызмет көрсететін мамандардың барлық ойын түрінен хабары бар, сақадай сай.

Мөлдір САБЫРЖАН,
Суреттерді түсірген
Нұрболат
НҰРЖАУБАЙ

МҮМКІНДІК ПЕН УАҚЫТТЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ – ҮЛКЕН ШЕБЕРЛІК

– Балжан, білім алу үшін Корея елін таңдауыңызға не әсер етті? Салада сізді қызықтырған басты артықшылықтар қандай?

– Кореяда білім алу мені бала күннен бері қызықтыратын. Тек білім алып қана қоймай, оқу бітірген соң жұмыс істеп Кореяда қалу да ойымда болған. Осы елде тұрып жатқанымa бір жарым жылдан асты. Бүгінде ойларым да, түсінігім де біраз өзгерді. Кореяның артықшылықтарын біздің елмен салыстыруға келмейді. Қазіргі таңда SNS арқылы Корея өзін танытуға барын салып жатыр. Мен қызыққан негізгі аспектілер – мәдениет, халқының салт-дәстүрлерін ұстануы және тарихқа деген құрмет болды. Көрістер де жапондықтар секілді барлығын таза ұстайды, ешкім бір-бірінe рұқсатсыз тимейді, заттарын алмайды. Заң да қатал болған соң ел өте тыныш және адамдарға барлық жағдай жасалған.





– Бұл мемлекетке келу сізді қандай деңгейге өсірді? Елдегі Балжан мен шетелде тәжірибе алмасып жүрген қазақ қызының айырмасы бар ма?

– Айтарлықтай өзгеріс бар деп санамасам да, байқалатын бірнеше тұсы бар. Бірініші, қазір шетелді көрген адам өз еліне қайтқысы келмейді деген түсініктен менде келісемін. Бұрын болашағымды, оқуымды жоспарлаған кезде фантазиям тек Қазақстанмен ғана шектелетін. Ал қазір жоспар құрғанда өзіме ешқандай шектеу қоймаймын. Екіншіден, әр нәрсенің орнын біліп, шүкіршілік етуге әрдайым дайын болатын болдым. Себебі, үйінде, жайлы ортада өмір сүріп келіп, жалғыз басқа елге бірінші рет кетіп қалған кезінде көп дүниенің орны сезіледі екен. Сонда да бұл үлкен эксперимент екенін білемін. Себебі бұл сапар маған көбіне тек жақсы эмоцияларды сыйлады. Соңғы қосарым, Кореяға келу арқылы үлкен жауапкершілік алып үйрендім. Жалғыз тұру, өз-өзінді асырай білу, денсаулығың, тамағың және ең бастысы оқуың үшін тек сен жауап бересің. Жауапкершілікті қандай деңгейде алып шығуың өзіңе ғана байланысты.

– Соңғы уақытта мамандар жастарға қабілетін толық пайдалану керегін айтады, яғни осы кезеңде мүмкіндіктерге қол соза білу керек. Осы орайда сізден қабілетіңізді қаншалықты тани алдыңыз деп сұрағым келіп отыр...

– Адамда бар қабілетті өшіріп алмай дамыту – қиын күрес. Бірақ қиындықтың өзінен мүмкіндікті көретін адам тауды жарып шығады. Мүмкіндік пен уақытты жіберіп алмай, тиімді қолдану да үлкен шеберлік қой. Пенде болғандықтан қателіктер жібереміз, ойымыз аландаумен басқа жаққа кетіп қалып, қолымыздағыны жіберіп алатынымыз бар. Адамның өз-өзін тануы үшін жүз жыл да жетпес. Мен тек не нәрсеге икемім барын және қай салада тырысуым керегін жайлап біліп келе жатырмын. Түсінгенім – әрекет жасап, әртүрлі мүмкіндіктерді іздеп, оларды қолдана алмасаң бойда бар қабілеттен де пайда жоқ.

– Қазір корей туындыларына көпшілік тарапынан сұраныс жоғары. Әдетте кореялық фильм, драмалар да тікелей өз өнімдеріне жарнама жасайды. Жергілікті халық үшін де отандық өнімдері үлкен сұраныс қа ие ме?

– Корей халқының теледидарынан тек отандық бағдарламаларды көре аласыз. Себебі, шетелдің фильмдерін олар заң бойынша сатып алып ғана көре алады. Біздің халық корей туындылары мен артистерін сүйіп көрсе, корей халқы далада кетіп бара жатып «жұлдызды» көрсе де қатты таң қалмайды. Осы кезге дейін мен де корей драмасына екі рет түсіп көрдім. Бұл мен үшін қызықты тәжірибе болды. Танымал актерларды көргенде олардың өзін сияқты қарапайым адамдар екенін түсінеді екенсің. Корей халқы – өте патриот адамдар. Өз туындыларын алға шығарып, ықпалын тигізуге тырысады.

– Жаңа орта сіз үшін тың идеялардың ортасы бола алды ма? Ол жақтан үйренген жаңа ақпараттарды болашақта қандай жоспарларға айналдырғыңыз келеді?

– Жаңа ортам маған күш беріп, қолдау көрсете білді. Бір қызығы, бұл жақта қазақтар көп. Біреуі университетте білім алып жүрсе, екіншісі заңсыз жұмыс жасайды. Кореяда бар технологиялар, ресторан желілері және тағы да басқа бизнес идеяларды жүзеге асырып жүрген қазақ бауырларымыз көп. Ортасы өзгергенде адам да жақсы өзгеріске келеді екен. Алайда, артқа қарай шегініп бұрыс ағымға кетіп қалмау абзал. Алдағы уақытта алған білімімді Қазақстанда дамытып, мемлекетімізге өз үлесімді қосу жоспарда бар.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Гүлдана ЖҰМАДИН

Жастарды жаңа орта, жақсы қоғам жарқын болашаққа жетелейді. Бұл ретте шекара асып, таным кеңейтудің тұлға болып қалыптасуға ықпалы зор. Кореяда білім алып жүрген Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Балжан Аямен тілдесу барысында осы тұжырымға анық көз жеткіздік.

БАНКТІҢ БҰҒАУЫНАН БОСАЙМЫЗ БА?

Мемлекеттің экономикалық әл-ауқатының көрінісі – қазақстандық азаматтардың әлеуметтік жағдайы. Соған орай биыл 3 наурыздан бастап қарызын өтей алмай жүрген жеке тұлғалар «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңға сәйкес өтініш бере алады. 3 рәсім арқылы орындалатын заң жеке тұлғаларға қаншалықты тиімді? Банкроттыққа кімдер өтініш бере алады? Нәтиже қалай болмақ?

ҚАРЫЗ 5 МИЛЛИОННАН АСПАУ КЕРЕК

Заңның жай-жапсары туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Қуанышбек Бекшин баяндады.

– Өздеріңізге белгілі, өткен жылдың 30 желтоқсанында Мемлекет басшысы «ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңға қол қойды. Ол наурыз айында күшіне енетін болады. Аталған заңда 3 түрлі рәсім бекітілген. Атап айтқанда, соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру.

Бірінші, соттан тыс банкроттық – жеке тұлғалардың барлық екінші деңгейлі банктер мен микроқаржы ұйымдарында және коллекторлық агенттіктерінде қарыздары болса ғана жүзеге асырылады. Тиісінше, азаматтар мынадай талаптарды орындауы міндетті. Ең басты шарт – азаматтардың қарызы 1600 АЕК, яғни 5,52 млн теңгеден аспауы тиіс. Екінші, жеке тұлға өз қарызын 12 ай бойы өтемеген болу керек. Сонымен қатар азаматтардың банк және қаржы ұйымдары алдындағы берешектері 5 жыл қатарынан төленбей келсе, негізгі шарттар қолданылмайды. Соттан тыс банкроттық рәсімі «электрондық үкімет» порталында жүргізіледі. Содан кейін ақпараттық жүйе арқылы борышкердің критерийлерге сәйкестігі мемлекеттік органдардың деректерімен автоматты түрде салыстырылатын болады.

Жалпы 2025 жылға дейін кезеңкезеңмен Қазақстан азаматтары аталған декларацияны тапсыруға міндетталуде, – деді департамент басшысының орынбасары Қуанышбек Бекшин.

ШЕТЕЛГЕ ШЫҒУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Заң бойынша банкроттығын жариялап, өтініш бергендерге бірқатар тыйымдар салынып, жеке меншігіндегі тұрғын үйі де есепке алынады. Облыстық «Оңалту және банкроттық» бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ә.Жанкелдин: «Сот банкроттығы рәсімі сот тәртібімен шешіледі. Яғни, жеке тұлға осы рәсімді қолдану жөнінде сотқа өтініш беру арқылы жүзеге асыра алады. Бұл рәсімнің шарттары жеке тұлғаның барлық банк, микроқаржы ұйымдары, жеке және заңды тұлғалар алдындағы келісімшарт негізіндегі қарыздары ескеріледі. Өтініш беру барысында жеке тұлғаның атында мүлік анықталған жағдайда, берешектерді өтеу мақсатында мүліктері аукцион арқылы сатуға шығарылады. Егерде жеке тұлғаның жалғыз тұрғын үйі банк кепілінде болса, онда банк аталған мүлікті алып қоюға толық құқылы.

Ал егер жалғыз тұрғын үйі банк кепілінде болмаса, ол өндірілуге жатпайды. Аталған рәсім барысында мүліктерді анықтау және сату, жалпы талдау жұмыстарын жүргізу қаржылық басқарушыға жүктеледі. Сот банкроттық рәсімінің мерзімі – 6 ай. Оны қосымша тағы 6 айға ұзарту мүмкіндігі қарастырылған. Осы рәсім бойынша банкроттыққа өтініш бергендер өз меншігіндегі мүлікті иеліктен шығаруға, яғни сатып жіберуге немесе сатып алуға құқығы жоқ. Сонымен қатар шетелге шығуға да тыйым салынады», – дейді.

ҚАЙТА ҚАРЫЗ АЛУҒА МҮМКІНДІК БАР МА?

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру – тұрақты табыс болған жағдайда сотта қарыздарды бөліп-бөліп төлеу мүмкіндігін (5 жылға дейін) көздейтін рәсім. Қалпына келтіру жоспары қаржы басқарушысымен бірлесіп әзірленіп, сотта бекітіледі.

Бұл ретте барлық міндеттемелерінің мөлшері өзіне тиесілі мүліктің құнынан аспайтын борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы арызбен ғана сотқа жүгінуге құқылы. Мұның басқа рәсімдерден басты артықшылығы – одан кейін адам «банкрот» мәртебесін алмайды. Сондықтан оған банкрот үшін көзделген салдар қолданылмайды. Ал басқа рәсім бойынша берешегін өтеуге қатысып, «банкрот» атанудың салдары қандай? Соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануға шешім қабылдаған борышкер мыналарды білгені дұрыс:

– 5 жыл бойы қарыз және микрокредит алуға тыйым салынады (ломбардтардың микрокредиттерін алуды қоспағанда);

– 7 жыл өткен соң ғана банкроттыққа өтінім бере алады;

– рәсімдерге қатысқан тұлғаның қаржылық жағдайына банкроттықтан кейін 3 жыл бойы мониторинг жүргізіледі.

Аделина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ

ӘСКЕР ШИРАТА МА, ӘЛДЕ..?

Қазір әскерге ынталы буынның азаюы тұтас елді алаңдатып отыр. Мәселені шешуде нақты механизмдер ұсынылды. Қорғаныс министрлігі еліміздің Ғылым және жоғары білім министрлігімен, сондай-ақ жетекші жоғары оқу орындарымен бірлесіп, азаматтардың мерзімді әскери қызметін өтеуге ынтасын арттыру мақсатында жаңа жоба бастайтынын хабарлады. Оларға ҰБТ-ны есепке алмай-ақ оқуға түсу мүмкіндігі ұсынылады. Бұдан бөлек, мерзімді әскери қызметті өткеріп жүрген азаматтарға биылдан бастап кредит демалысы берілмек. Десе де әскерден жалтарғандар азаймай тұр. Дерек бойынша оның саны 30 мыңнан асып жығылады. Себеп неде деп ойлайсыз?

Мұқағали ҚАРШЫҒА, белсенді жас:

– Жалпы ер азаматтың әскерге барғаны дұрыс. Ол жақта «таяқ жейсің» деген қате пікір. Әрине ол жерде шынықтырады адамдарды, әр нәрсенің қадірін білсін деп тәртіп орнатады. Еркін жүріп армияға барып, бірден тәртібіне үйреніп кету оңай болмайды. Бір ай бойы карантин жариялайды ант бергенге дейін, ауа-райына, жеріне, суына, тәртібіне үйретеді. Бір адам жай, бір адам тез қабылдайды ақпаратты. Әскердегілерді кінәлаудың қажеті жоқ! Адам өзіне сеніп бару керек. Әлім көбейіп кетті деп жатады қазір, бұл ақпараттық заман ағымынан деп ойлаймын.

Гүлмира ӘБІҚАЙ, журналист:

– Әскерде былық көп. Астанадағы Ұлттық гвардия сарбазы туған анасын танымай жатыр. «Балаңыз ауруханаға түсті» дегенді естіп жедел жеткен ана байқұс ұлының бетіне қарап отыр. «Мен баламды ауруханаға жатсын деп емес, Отан қорғасын деп аттандырдым. Балам сөйлемейді, маған тіл қатпайды. Іштен тынған. Бір нүктеге қадалып отыра береді, мүгедекке айналды» дейді Дина Жүсіпова. Әскерилер мен дәрігерлер де баланың дәл қазіргі жайын түсіндіре алмады. Әскери бөлім басшылығы «кешкі тамақтан келе жатып, баспалдақта құлады. Біз жедел жәрдем шақырдық. Денесінде еш зорлық, қинау белгісі жоқ. МРТ, КТ өткіздік, еш ауытқу анықталмады» дейді. Дәрігерлер әзірге «судорожный синдром» диагнозын қойды. Ұлттық гвардияның 5573 ә/б қызметтік тергеу басталды.

Бұдан бөлек, жақында 18 жасар солдаттың ажалы неден болғаны анықталды. Оқ тиген жоқ, әскери оқу-жаттығуда зақым келген жоқ. Масқара болғанда зорланғанына қорланып өлген. «Марқұмның ауыз қуысынан, іш киімінен бірнеше бөгде адамның шәуеті шықты. Медициналық сот сараптамасы 3 рет жасалды. Бәрінде бір жауап. 4 айда тергеуді аяқтап, сотқа жіберу мақсатында Оңтүстік аймақтық Әскери Тергеу басқармасы ақиқатты анықтауға ынтасын» деді осы іске қатысты марқұмды ұрды-соқты деп күдікті болған бөлім командирінің қорғаушысы С. Пірәлиев. 5 ай бұрынғы оқиғаға көз жүгіртейікші. Сарбаздың өлімі жайлы енді айтпаймын десем де мынадай сұмдыққа бей-жай қарап тұра алмадым.

Атырау облысының Миялы жұрты 18 жасар Бекбол Досболұлының денесін жер қойнына тапсырды. Тараз қаласында әскери борышын өтеп жатқан жауынгер өз-өзіне қол жұмсаған. Жүк-200ді үйіне жеткізген әскерилер марқұм сүйген қызымен ренжісіп қалғандықтан өмірден түңілді дегенді айтты. Алайда, Бекболдың қызы жігітінің соңғы жазған смстерін жылап тұрып оқып берді. «Қорқынышпен өмір сүріп жүрмін… бәрінен қорқып жүрмін…бұрын адамнан қорықпаушы едім… Бұлай қорқынышпен өмір сүргенше мен өмірден жоқ болып кеткім келеді…» деген хатқа әскери бөлім басшылары не жауап айтар екен? Солдаттар кімнен қорқады? Сарбазды өлімге дейін итермелеген кім? Бекбол ауылда ешкімге дес бермес спортсмен, чемпион болған. Марқұмның денесін елге жеткізген мына офицерлер баланың қорланып өлгенін білмеді дегенге сенесіз бе? Мен сенбеймін.

Қуаныш ЖАҚСЫТАЕВ, қала тұрғыны:

– Әскерге бармау қате түсінік. Ер жігіттің Отан алдындағы борышын өтеу – міндеті. Егер де денсаулығының жарамсыздығына немесе басқа да жағдайда әскерге бармау керек болса түсінікті. Соңғы уақытта болып жатқан жаңалықтардан біздің де хабарымыз бар. Десе де кейбірі алып-қашпа әңгімеден тарауы мүмкін. Кейбірі шынымен орын алған жағдай болуы да мүмкін. Бірақ дәм-тұзы таусылып тұрған адам болса әскерге бармай-ақ та болатын нәрсе болады. Жол апатынан да қыршын қиылып кеткендер жетерлік. Отан алдындағы борышын өтеуден қашудың жөні жоқ. Ер адам бәрі жағдайды бастан өткеріп, шыныңы керек.

Салтанат РАХИМОВА, қоғам белсендісі:

– Екі күннен бері ұйықтай алмай, көңіл-күйім болмай жүр, ештеңе жаза да алмадым. Оған ақтаулық Бибігүл Рамазанның парақшасынан былтыр тамыз айында Ұлттық гвардияда жазасын өтеп жүріп өзіне қол салып қаза тапқан атыраулық сарбаздың қорлықпен өлтірілгені туралы мәліметтерді оқығаным себеп. Әлгі баланы сол әскери бөлімдегі командирлері мен әскери қызметкерлер қорлап өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізген екен. Біздің әскер қатарында гомосексуализм болып тұр және ең сорақысы, соны тергеу органдары мен әскери прокуратура жасырып отыр. Былтыр Отан алдындағы борышын өтеп жүріп қаза болған немесе есі ауысқан жас сарбаздардың саны өсіп отырғаны туралы Бас Әскери Прокурорға, Бас Прокурорға, тіптен Президентке дейін ашық хаттар жариялаған болатынмын. Оларға ресми түрде реакция жоқ. Сондықтан, қоғамның жарасына енжар қарамайықшы. Бірталай таныстарым «сені фейсбуктан көріп оқып тұрамыз, мықты жазасың» дейді. Ендеше неге «ұнады» деген белгі қоймайсыз деп сұрасам, күмілжиді. Неге? Пікір жазуға қорқа ма?!Менің қоғамдағы болып жатқан келеңсіз құбылыстарды жою, аяққа тапталған, бұзылған адам құқықтарын қалпына келтіру туралы жазбаларымды оқығанда ең болмаса лайк қойып өтулеріңізді сұраймын.

Анар ТӘЖІМАНАЙ, ата-ана:

– Екі ұл тәрбиелеп отырмын. Бұған дейін ұлдарымды әскерге жібермеймін деген пікір болмаған. Бірақ соңғы ақпарат ойымды түбегейлі өзгертті. Баласын зор үмітпен жіберіп, табытпен күтіп алып жатқан аналарды естіп, жүрегім ауырады. Соңғы ақпарат бәрімізге қатты тиді. Ұрсын, соқсын, ақша сұрасын. Құл қылып жұмсасын. Бірақ азғындыққа барудың керегі қанша? Бармай жатып қиындықпен бетпе-бет келеді. Қайтатын уақытқа дейін не бір азапқа төзеді. Енді үйге барамын деп алып-ұшып жүргенде сұмдық жайға тап болады. Өзім әскердегі жағдайды бес саусақтай білемін дей алмаймын. Басында болып, көзбен көрмеген соң да айта салу қиын. Өзгені білмедім. Олар өсемін дегенше әскердегі тәртіп қалыпқа келмесе, бүгін-ертең азаматтық борышын өтеуге міндеттей алмаймын.

Әділ ЖАҚАНОВ, тележурналист:

– Өзім үйде ұлдан жалғыз болдым. Анам әскерге жібергісі келмеген бастапқыда. Бірақ атам әскер түгіл соғысты көрген, әкем де әскер қатарында болған. Мен неге бармай, қашуым керек? Ештеңеге қарамай бардым. Әскерде ешкім басыңнан сипамайды, тал түске дейін ұйықтап жатпайсың, еркелетіп алдыңа тамақ әкелмейді. Күнделікті режим, темірдей тәртіп ер адамды шыңдайды. Талай төбелестім, таяқты да жедік. Бірақ сынған жоқпыз. Егер маған екінші рет «әскерге барасың ба?» десе ойланбастан барар едім...

Жандос ЖАЗКЕН, журналист:

– Мамандардың айтуынша, бүгінде 30 мың қазақстандық әскери борышын өтеуден қашып жүр. Осы жайттардан кейін жастарда патриоттық сезім, ер-жігітке тән намыс, ар-ождан қалмады деген сыни пікір толып жүр.

Бұл ретте жастарды да кінәлауға болмайтын шығар. Иә, кеңес заманында барлығы әскерге барған, бірақ ол кезде аты айтып тұрғандай, заман басқа болды. Әскери борышын өтеген азаматқа жұмысқа орналасуға, қоғамда өз орнын табуға жеңілдік берілген. Ал қазіргідей жаһандану, материалдық құндылықтар алға шығып бара жатқан заманда мектеп бітірген жас түлек жоғары оқу орнына түсіп, білім алғысы келеді. Әскерге барып келсе екі қолға бір күрек табудың қиындайтынын біледі. Яғни уақытымды құр өткізгім келмейді дейді. Сондықтан да Отаны үшін әскери парызын өтеген азаматқа болшағына сеніммен, мақтанышпен қарай алатындай жағдай жасау керек. Тарихта да қазақтар өз әскеріне ерекше көзқараспен қараған, олардың қоғамдағы орны мен мәртебесі жоғары болған. Сол себепті қазақтар арасынан батыр ер-жігіттер көп шығып отырған. Бұл бір ғана мысал. Жастарды Отанын сүюге, патриоттыққа тәрбиелеу ол бөлек әңгіме. Жан-жақты талдау керек. Бір сөзбен айтқанда Қарулы күштеріміз үлкен реформаны қажет еді.

P.S. Ерін құрметтеп, арқа сүйетін халықпыз. ***Солар бізге қорған болады деп үміт артамыз. Әскерден жалтарып, қорқып жүрсе, біз кімге сенім артуымыз керек? Рас, соңғы ақпарат елді дүр сілкіндірді. Қайғылы жағдай жиі орын алуда. Әскердегі тәртіп қалыпқа келмейінше, «мен әскерге барамын» дейтін жастың саны азайып кететін секілді ме...***

Мөлдір САБЫРЖАН

ШЕТЕЛДІК БРЕНДТЕРДІҢ БӘСЕКЕЛЕСІ

Аймақтағы тың бастамаға серпін берген Асхат алғашқы отандық өндіруші саналады. Кәсіпкердің бұл жобаны қолға алуына нарықтағы сапалы, бірақ қалтаға қонымсыз антифриздер ықпал еткен. Базардағы бағаның шарықтауы жаңа бизнес ашудың басты себебі екен.

Еңбек адамы ойлаған мақсатына қам жасап, кәсіп бастау жолында тер төксе бағындырмайтын қамалы болмайтыны рас. Ол үшін көп дүниенің болуы да шарт емес, бастысы қиындыққа төтеп бере алатын жігер мен ізгі ниеттің болуы маңызды. Жалағаш ауданының тұрғыны Асхат Ермекбаев та тынымсыз ізденіп, тың кәсіпті қолға алған жанның бірі. Бүгінде ол мемлекеттік бағдарлама аясында еуропалық стандарттарға сай өнім өндіруде.

Қазір кәсіпкердің шағын кәсіпорнында SinPro сауда белгісімен автокөліктерге арналған этиленгликоль негізіндегі антифриз, тосол, антифриз, салқындатқыш тәрізді суыққа төзімді сұйықтықтар өндірілуде. Кәсіпорында күніне 1000 литр антифриз шығарылады.

Антифриз – автомобильдің салқындату жүйесіне құйылатын арнайы сұйықтық. Ол этиленгликольдің сумен қоспасынан жасалады, сондықтан аса төмен температура болмайынша қатпайды. Мұндай өнімдер бензиндік және дизельдік қозғалтқыштардың салқындату жүйесіндегі қату, коррозия, қызу және қақтың пайда болуының алдын алады. Бір ескерерлік жайт, бұл өнімдерді автотранспорттық құрал мен жылу алмастырғыш агрегаттардың эксплуатация нұсқаулығына сәйкес пайдалану керек.

– Мамандығым химик-технолог болғаннан кейін өзіме осы өндірістің түрі жақын болды. Бұл іске өз қаражатымды салып, әрі қосымша мемлекеттік бағдарлама аясында қолдау таптым. Нәтижесінде 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде мемлекеттік қолдауға ие болдым. Осылайша бес миллион көлемінде қайтарымсыз грант ұтып алдым. Одан бөлек, "Қызылорда" өңірлік инвестициялық орталығы арқылы алты пайыз мөлшеріндегі кепілдік арқасында алты миллион көлемде несиеге қол жеткіздік. Осылайша, мемлекеттің қолдауы біздің дамуымызға және өнімнің өзіндік құнын тұрақтандыруға қомақты септігін тигізіп келеді, – дейді кәсіпорын басшысы Асхат Ермекбаев.

Қазіргі таңда өндіріс орнында бес адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Айта кетейік, бүгінде антифриз өндіруден шетелдік брендтер саны жетерлік. Бірақ осындай бәсекелестікке қарамастан аталған компания өз өнімдерін ұсынуда. Тіпті автохимиялық өнімдер сапалы сипаттамалары арқасында бөлшек сауда нарығында өз орнын тапты деуге толық негіз бар. Себебі Асхаттың кәсіпорнында шығарылатын қозғалтқыштар тиімді салқындатып қоймай, метал мен қорытпаның барлық түрлерін коррозиядан және кавитациядан жоғары тиімділікпен қорғайды. Әрі бұл өнімдерді қоршаған орта температурасының - 40-тан +50-ге дейінгі диапазонында пайдалануға да болады екен.

– Аталған өнімдер тұрғындар тарапынан үлкен сұранысқа ие. Бұл тауарлар пластик құбырлар мен резеңкеге зиянын тигізбейтін қасиетімен де ерекше. Сақтау мерзімі бес жылға дейін жарамды.

Біздің өнімдерді Жалағаш ауданындағы сауда нүктелерінен табуға болады. Жеңіл көліктен бастап қуатты өнеркәсіпке дейінгі қозғалтқыштарға арналған антифриздердің барлық түрі шығарылады, – дейді кәсіпкер.

Жуырда жеке кәсіпкер өніміге тауардың Қазақстан аумағында өндірілгенін растайтын құжат СТ-KZ сертификатын да алыпты. Енді алдағы уақытта кәсіпорынның өндіріс көлемін және өнім түрлерін ұлғайтуды жоспарлауда.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

300-ГЕ ЖУЫҚ ФЕРМЕР СУБСИДИЯСЫЗ ҚАЛДЫ

Ауыл шаруашылығы министрлігі «қаңтарда іске қосылады» деген GOSAGRO.KZ порталы әлі жұмыс істемейді, ал Qoldau.kz жұмысын тоқтатқан. Енді салада қызмет ететін 300-ге жуық кәсіпкер мемлекет тарапынан берілетін пайыздық мөлшерлеменің қаңтар-ақпан айларына арналған субсидиясын ала алмай отыр.

Бұл мәселе Қызылорда облыстық кәсіпкерлер палатасы жанындағы Агроөнеркәсіп кешені комитетінде қаралды.

Шараға кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Гауһар Елеусінова, комитет мүшелері, «Атамекен» ҰКП-ның, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің, облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының, несие серіктестіктерінің өкілдері мен тауар өндірушілер қатысты.

Осыған дейін «Сыбаға», «Агробизнес» мемлекеттік бағдарламалары аясында кәсіпкерлерге шамамен 20 пайызбен несие берілген. Оның 6 пайызын кәсіпкер төлейді, қалғанын мемлекет субсидиялайды. Министрлік енгізген GOSAGRO.KZ порталының әлі күнге іске қосылмауынан фермерлер қаңтар-ақпан айларына арналған субсидияны ала алмай, несиені 20 пайызбен төлеуге мәжбүр.

«Ақпанда төлеу керек, төлемесек «қара тізімге» енеміз. Қаржыны қайдан табамыз? Өзі қыстан әрең, арық шыққан малды қалай сатамыз? Шаруаны да ойлау керек шығар?! Мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған біз ғой», – деді «Сыр сыйы» шаруа қожалығының төрағасы Нұрлан Биманов.

Облыстағы жауапты мемлекеттік орган басшылары да субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесінің мәселесінен хабардар. «Былтырдан бері министрлікке отыздан астам ұсыныс бердік» деп отыр.

«Проблема бар. Бағдарламаны әзірлеушілерге де, министрлікке де мәселені айттық. Біз жаңа ақпараттық жүйе толық іске қосылып кеткенше Qoldau.kz-пен жұмыс істеуді ұсынып жатырмыз, бірақ әзірге мәселе шешілген жоқ», – деді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Ғалым Баимбетов.

«Шаруалар алға қойған міндетін адал атқарып отыр, мемлекет те міндеттемесін толық орындаса» деген несие серіктестіктерінің басшылары проблеманы қазір шешпесе фермерлерге салмақ түсетінін айтты.

«Бұл – қолдан жасалған мәселе. Жұмыс істеп тұрған платформаның күшін жойып, шикі, іске қосылмаған, әлі зерттелмеген бағдарламаны заңға енгізіп жіберді. Болар іс болды ғой. Біз шаруаларға «қорларыңызды мына уақытқа дейін дайындай беріңіздер» деп айтайын десек порталдың қашан ашылатыны да белгісіз. Оған ешкім нақты жауап бермейді. Біздің несие серіктестігі арқылы биылға 186 қарыз алушыға 300 млн теңге субсидия қажет. Портал іске қосылмаса фермерлер 300 млн теңгені өз қалтасынан шығару қажет деген сөз», – деді «Сырдария-1» несие серіктестігі» ЖШС төрағасы Алмат Абдуллаев.

Несие серіктестігінің басшысы тығырықтан шығудың жолы ретінде өтінімдерді уақытша қағазбен тапсыруды ұсынып отыр.

«Бізде бар мәлімет бойынша республика көлемінде тек қана қаңтарда кәсіпкерлер млрд теңгеге жуық сыйақы мөлшерлемесіне субсидия ала алмай отыр. Сыйақы мөлшеріне берілетін субсидия өзге субсидиямен салыстырғанда нақты өтінім беру мерзімі нақтыланбайды, демек өтінімдер жыл бойы қаріз бойынша төлемнің келу уақытына қарай жүзеге асырылады. Осындай проблема орын алып жатқанын айтып, Үкіметке хат жолдадық», – деді отырысқа онлайн қосылған «Атамекен» ҰКП Агроөнеркәсіп кешені және тамақ өнеркәсібі департаментінің сарапшысы Жұлдызай Әубәкірова.

Ал министрліктегі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді дамыту және агроөнеркәсіп кешенін цифрландыру департаменті директорының орынбасары Әлем Жұмабековтың жауабы «портал 1 ақпаннан бастап іске қосылады» дегеннен ары аспады.

Комитет отырысында кәсіпкерлер министрлік өкіліне жаңа порталдың кемшіліктері мен өкімшілік кедергілері туралы айта келе, өзгеріс енгізуді сұрады. Сондай-ақ, мемлекеттік қолдау тетіктеріне қатысты өзге де ұсынысын айтты.

ҚОЛДАУ ТАПҚАН ИДЕЯ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен өткен «InnoFest» Qyzylorda инновациялық идеялар фестивалінің «Контент&Медиа» секциясының жеңімпазы София Темірболат ұсынған жоба патентке ие болды.

Жоба атауы – «CyberCity хикаялары» комикс кітабы. Жоба Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қорының арнайы «Қауіпсіз интернет», «Кибербуллинг – ол не және оны қалай тоқтату қажет?» кибербуллингке қарсы бағдарламасы мен зерттеулер аясында жасалған. Кітап арқылы балаларға қауіпсіз киберкеңістікті оқыту жоспарланған. Сонымен қатар, цифрлық иллюстрациялар мен комикстерді кәсіби оқыту көзделуде. Қазіргі таңда кітапты баспаға беруге дайындық жұмыстары жүргізілуде.

«InnoFest» Qyzylorda – «SmartCity», «Контент&Медиа», «Кино&Видео» бағыттары бойынша 24 сағат ішінде идеядан прототипке дейін инновациялық жобаларды жасауды мақсат ететін іс-шара. Фестивальдің негізгі мақсаты – «Ақылды қалалардың» эталондық стандартына сәйкес жобаларды анықтау, облыс тұрғындарының IT-саласына қызығушылығын арттыру және IT жобаларды қолдау.

ЖАҢАНДЫҚ БАЙҚАУ ӨТЕДІ

Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының 2023 жылғы жаһандық байқауы басталды.

ДЗМҰ байқауға зияткерлік меншік құқықтарын бизнес мақсаттарына жету үшін ұтымды пайдаланатын, сондай-ақ қоғам игілігі үшін инновациялар мен шығармашылығын пайдаланатын ерекше шағын және орта кәсіпорындарды, креаторларды, өнертапқыштарды және дизайнерлерді қатысуға шақырады.

Байқау 16 қаңтардан 31 наурызға дейін өтеді. Авторлық құқықты, тауар белгілерін, патенттерді, сондай-ақ географиялық көрсеткіштерді қоса алғанда, зияткерлік меншіктің кез келген нысаны көрсетілген өтінімдер қабылданады. Қорытындысы бойынша тәуелсіз қазылар алқасы жеті жеңімпазды таңдайды. Олардың әрқайсысы шілде айында ДЗМҰ Бас Ассамблеясының арнайы іс-шарасы ретінде өткізілетін Женевадағы (Швейцария) марапаттау рәсіміне шақырылады.

Сонымен қатар жеңімпаздар ДЗМҰ-ның жеке төлімгерлік бағдарламасынан өтуге мүмкіндік алады.

МЕЙРАМХАНАЛАРДЫ КІМ ТЕКСЕРІП ЖҮР?

Қызылорда облыстық кәсіпкерлер палатасы алаңында өткен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Ернар Мақажановпен кездесуде кәсіпкерлер соңғы бір аптада мейрамханаларын кім тексеріп жүргенін білмейтінін айтып, заңдылығын анықтауды сұрады.

Шараға облыстық кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің төрағасы Ерлан Раимов, Палата басшысы Пірмұхаммед Сыздықов, өңірлік кеңес мүшелері мен кәсіпкерлер қатысты. Бұл ретте облыстағы қоғамдық тамақтандыру және қызмет көрсету саласы қауымдастығының төрайымы Ақмарал Әбдіразақова соңғы аптада Қызылорда қаласындағы бірнеше мейрамхана, кафелерге бір топ азамат басып кіріп, тұтынушылар мен қызметкерлердің мазасын алып жатқанын жеткізді. Оның сөзін бірнеше кафе-бар иелері қолдап, кәсіп жүргізу қиындауы салдарынан кейбірі жабу туралы шешім қабылдауға мәжбүр екенін айтты.

Бұдан өзге кездесуде кәсіпкерлер жер телімі, балабақша, құрылыс саласындағы кедергілерді айтып, бизнес жүргізу барысында кездесіп жатқан проблемаларды шешуге көмек сұрады. Департамент басшысы Ернар Мақажанов бұл мәселелерді құзыреті шегінде кәсіпкерлер палатасы мамандарымен бірге қарайтынын жеткізді.

Бетті дайындаған: М.СНАДИН

100 ПАЙЫЗ «ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН» КӨЛІК ЖОҚ

«Ер қанаты – ат» деп білген қазақтың қаны мен жанына көліктің қай түрі де жат емес. Аттың күшін автокөліктерге ауыстырған технологияның жетістіктері нарықты жаулап қоймай, өзіміздегі өндіріске де себеп бола бастады. Бұған жыл сайын саны артып жатқан көлік сатып алушылар дәлел.

Көлікқұмар қауымның сүйікті автопорталы «Колеса.кз» сайтының тілшісі, алғашқы қазақтілді автожурналист, автоблогингтің атасы Олжас Оқаспен көлік жүргізу мәдениеті, шетелдік көліктерді заңдастыру және өзіміздің өнім жайында тілдескен едік.

– Жақында сайланған экология министрі елде ескі көліктердің көп екенін атап өтті. Әрине, экологиялық тұрғыдан олар зиянды. Тіптен 20 жылдан бері қолданыста жүрген көліктер жетеді. Қазақтардың көбі қанша теңге көлеміндегі көліктерді мініп жүр? Жаңа Қазақстанның көліктері қаншалықты жаңарған?

– Келігі бар адам қандай машинамен жүргенін үйде отырғанда терезеге қарап біле алады. «Қалтаға қарап кесіп» демекші, әркім ақшасы жеткен автомобильге мінеді. Бағасы да әртүрлі: 500 мың тұратын ресейлік тіркеудегі ЛАДАдан G63 AMG-ге дейін.

Халықтың басым бөлігінде сапалы, қымбат машинаға ақша жоқ. Дегенмен, ресми статистика бойынша 2022 жылы Қазақстанға шетелден 63 000 автомобиль кірген. Оған дейінгі көрсеткіш 10 мыңнан аспайтын. Былтыр Қазақстанда сатылған жаңа автомобиль саны 120 мыңнан асты. Бұл 2021 жылғы сатылымнан 10%-ға көп. Ал биыл әдеттегідей арзан седандар, компакт-кроссоверлер сұраныста болады деп ойлаймын.

– Жеке контентіңізден бөлек «Колеса.кз» тізгіні де сізде. Колесаның жылдық табысы қандай?

– Шынымды айтсам, «Колесаның» жылдық табысын білмейді екенмін. Оны өзіңіз есептей аласыз. Өйткені ашық дерек базасында мемлекетке төлеген жылдық салығы 3 млрд 500 млн теңге деп көрсетілген. Компания таза, әділ жұмыс істейді.

– Қытайдың көліктерін торапты құрастыру әдісін меңгеріп жатыр. Модель саны да артуда. Мұның еш жамандығы жоқ. Өндіріс болса, зауыттағы жұмыс тоқтамайды, қызметкерлердің жалақысы төленеді, бюджетке салық түседі. Қазіргі таңда автомобильдер әлемнің түпкір-түпкірінде жасалатын компоненттерден құралады. Сондықтан «100% Қазақстанда жасалған көлік» болуы мүмкін емес. Бұл – жаңсақ ұғым.

– Шетелдік көліктерді заңдастыру қолға алынды. Бұл біздегі көлік нарығына қалай әсер етеді?

– Шетелдік көліктерді заңдастыру акциясы сол заңдастырылған көліктердің бағасына ғана әсер етеді. Жалпы көлемде олардың саны көп емес. Сондықтан тұтастай автонарыққа әсері бола қоймас.

– Біздің қоғамда көлік жүргізу мәдениеті қалыптасты ма?

– Жалпы елде көлік жүргізу мәдениеті төмен. Қалай болса, солай айдайтындар көп. Жүргізуші куәлігін сатып алғанын жасырмайтындар да жетеді. Тіптен, сонымен мақтанады. Бұл мақтануға тұрарлық дүние ме? Жолға шығып, көліктің тізгінін ұстау – үлкен жауапкершілік. Тек өзің үшін емес, жанындағы адамдар мен басқа да көлік жүргізушілер үшін жауапкершілік алуың керек.

Сондықтан жүргізуші мәдениетін жоғарылату қажет. Жалпы мұны мектеп бағдарламасына енгізсе немесе 10-11 сынып оқушыларына кішігірім кіріспесін үйретсе, жақсы болар еді. Жай ғана қосымша сабақ ретінде көлік жүргізу мәдениетін қалыптастырып, санасына сіңірсе, көп жағдайдың алдын алуға болады. Ең болмағанда жауапкершілікті сезініп үйренеді.

Шетелдерде көлік кептелісіне қарамастан, сигнал басатындар аз. Жылына 1-2 рет қана естуіміз мүмкін. Ал бізде жасыл жанған секундта сигнал басуға дайын тұрады. Шыдамсыздықтан ба, әлде, шынымен бір жаққа асығып бара ма, белгісіз. Сонда да бұл – мәдениетсіздік.

– Сұхбат үшін рақмет!

БІР СЫНЫПТЫҚ БІЛІМНЕН БРЕНДКЕ ДЕЙІН

Rolls-Royce көлік бренді – қос кәсіпкер Чарльз Роллс пен Генри Ройстың сәтті одағының туындысы. Біреуі ақсүйек отбасынан шыққан байлар қатарынан болса, екіншісі кедейлікпен күн кешіп, мектепте бір жыл ғана білім алған. Алайда арада қанша уақыт өтсе де жетістіктің, жеңістің символы саналатын жаңа көлік брендін жасап шығарды. Брендтің құпиясы мен басқалардан артықшылығы неде? Алғашқы көлік қашан шықты? Нарықтағы бүгінгі бейнесі қандай?

БАЙЛЫҚ ПЕН КЕДЕЙЛІКТІҢ ОДАҒЫ

Rolls-Royce компаниясының атауы аталған екі кәсіпкер Чарльз бен Генридің тегінен құралған. Бұл – компанияның негізін қалаған Чарльз Роллс пен Генри Ройстың тегі. Ақшадан да, басқадан да тарлық көрмей өскен Чарльз Роллс Уэльстегі тұқым қуалайтын ақсүйектер отбасында дүниеге келді. Екі бірдей жоғары оқу орнын тәмамдаған ол бала кезінен автомобильдерге қызығатын. Тіпті, әйгілі Кембридж университетінде оқитындардың арасында өз көлігі болған алғашқы студент болды. Оқуды бітіргеннен кейін ол автокөлік импортымен айналысатын жеке фирмасын ашты. 1902 жылы құрылған фирма C. S. Rolls & Co деп аталды. Бірақ көліктің табынушысына айналған Роллсқа әдеттегі импорт жеткіліксіз болып көрінетін. Яғни ол үнемі өз көлігін шығаруды қиялдайтын.

Бренд атауындағы екінші есім – Ройс компанияның негізін қалаушы және бірінші инженері Генри Ройсқа тиесілі. Роллдан айырмашылығы, Ройс шын мәнінде кедей отбасында дүниеге келеді. Он жасынан бастап газет тасымалдаушы, сонымен қатар пошташы болып жұмыс істеген ол білімсіз ештеңеге қол жеткізе алмайтынын түсінді. Сондықтан бос уақытында француз және неміс тілін, электротехника мен математиканы оқыды. 16 жасында тым болмағанда мектеп бітіру туралы дипломының жоқтығына қарамастан Ройс Максим Хайремнің компаниясына инженер лауазымына жұмысқа орналасты. Бұл жұмыс оған бизнес үшін бастапқы капиталды жинауға және өз ісін – Royce & Co механикалық шеберханасын құруға көмектесті. Бірақ Ройсқа да жеке шеберханасының болуы жеткіліксіз еді. Ол да Роллс сияқты өз көлігін жасап шығаруды армандайтын.

АЛҒАШҚЫ КӨЛІК

1903 жылы Ройс жеке шеберханасында 10 аттың күші бар үш көлік жасап шығарған еді. Алайда бұл автокөліктерде жаңа техникалық өзгеріс атымен жоқ. Тек сыртқы көрінісімен, құрастырылуымен және сенімді бөлшектермен ерекшеленді.

Арада көп уақыт өтпей-ақ автокөліктер Англияда үлкен шу шығарды – жаңа өндіріс туралы жергілікті газеттер, кейінірек әлемдік БАҚ өкілдері жаза бастады. Чарльз Роллс бұл автомобильдер туралы естіген соң өзінің жеке көлігін жасауға көмектесетін инженер іздеді. Осылайша 1904 жылы 1 мамырда Мидленд мейрамханасында Роллс пен Ройс арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл күн Rolls-Royce компаниясының ресми негізі қаланған күн саналады.

«Rolls-Royce»-тің басқалардан басты айырмашылығы – автомобильдердің сенімді болуында. Фирманың алғашқы нақты моделі 1906 жылы халықаралық көлік көрмесінде көрсетілді. Қуатты болат жақтауы, 7 литрлік қозғалтқышы және қатар орналасқан 6 цилиндрі бар автомобиль көпшіліктің көңілінен шықты. Автокөлік Rolls-Royce 40/50 HP деп аталды және «әлемдегі ең сенімді көлік» ретінде сатылды.

ЛОГОТИП

Компанияның негізін қалаушылар бастапқыда логотипті үлкен қызыл RR әріптерімен шығарды. Бірақ көп ұзамай бедел мен сән-салтанатқа баса назар аудару үшін қара түске ауыстырылды. Алайда брендтің логотипі RR әріптері емес, «экстаз рухы» деп аталатын мүсінше түрінде бекітілді. 1909 жылы Лорд Сэр Джон Монтагу өзіне компания көліктерінің бірін сатып алды. Көлігі басқалардан ерекшелену үшін ол мүсінші Чарльз Сайкске тапсырыс берді. Мүсіншенің Чарльз Роллсқа ұнағаны сонша, ол оны брендтің барлық өніміне пайдалануға рұқсат алды.

Роллс-ройстың атағы әлемге жайылғанын айттық. Мұны жай ғана жақсы жарнамамен байланыстырғандар да болды. Брендке күмәнданған кәсіпкер Клод Джонсон алғаш рет «жүгіру» батырмасын қолданып, машинаның кемшіліктерін анықтамақ болды. Бірақ 24 мың шақырымдық қозғалыстың нәтижесінде құны 2 фунт жанармай шүмегі ғана бұзылды. Жолдың көп бөлігін 120 шақырым/сағ жылдамдықпен жүріп өткеніне қарамастан, көліктің еш жеріне зақым келмеді әрі құрылғы алғашқыдағыдай жұмыс істеуін жалғастыра берді. Әрине, қателікті көргісі келген кәсіпкердің таңданудан басқа шарасы жоқ еді.

ЖЕТІСТІК ПЕН ЖЕҢІЛІС

Жарты ғасырға жуық уақыт бойы 1950 жылдардың соңына дейін бренд сатылым мен сұраныс жағынан өзін өте сенімді сезінді. Rolls-Royce кәсіпкерлер, атақты адамдар және тіпті, билік өкілдері мінетін британдық премиум көліктің имиджін қалыптастырды. Компания әлемдік «ұлы дағдарыс» кезінде де өркендей берді. 30-шы жылдарда сатылымның жоғары болғаны сонша, фирма сол кезде басты бәсекелесі болған Bentley-ді басып озды. Жеңіс барда жеңіліс те бар. Осылайша 1960 жылы бәрі өзгерді: әлемде тағы бір дағдарыс басталып, Rolls-Royce тұрақтылықты сақтауға тырысты. Компания екі ауқымды жоба – автомобильдің жаңа моделін шығару және реактивті қозғалтқышты құрумен қатар айналыса бастады. Алайда дағдарыс кезінде сатып алушылар саны азайып, жаңа өнімдер талап етілмеді. Нәтижесінде бренд бірнеше банктен қарыз алды да, әлемдік нарықтан жоқ боп кетуіне аз ғана қалды.

ӨЗ БРЕНДІН ҚҰТҚАРҒАН БРИТАНДЫҚТАР

Дағдарыс жылдары өтті. 1971 жылы компания ресми түрде өз шығындарын жабуға қабілетсіз деп танылды. Алайда британдықтар оның жабылуына жол бермеді. Rolls-Royce – екі адамның ғана емес, елдің брендіне айналып, ұлттық қазынаға теңестірілген еді. Нәтижесінде мемлекет фирманың қарыздарын өтеу үшін 250 миллион доллар төледі.

Осы сәттен бастап компания үшін сауда-саттық басталды. Сатып алуға үміткер BMW, Volkswagen және Daimler-Benz компаниялары арасында бірнеше рет мәміле жасалды. Алдымен Daimler-Benz күрестен шықты, ол өзінің Mayback брендін дамытуға шешім қабылдады. Содан кейін BMW және Volkswagen бағаны бұзу үшін мәміле сомасын бірнеше рет арттырды. Бірнеше айлық келіссөзден кейін BMW тікелей Rolls-Royce брендін сатып алды да, Volkswagen Bentley компаниясын иемденді.

12 АЙДА 6021 КӨЛІК

Әйгілі брендтің бүгініне оралайық. Сандар былай сөйлейді. Өткен жылы компания өнімдерінен 6021 автокөлік сатылған. Бұл тапсырыстың 2021 жылмен салыстырғанда 8 пайызға өскенін білдіреді. Тіпті, компанияның мәліметінше, 2023 жылдың соңына дейінгі тапсырыстар қабылданып, брендтің иелеріне дайындалуда. Яғни, 50 шақты елге сұранысқан жеткізген «Rolls-Royce» үшін өткен жыл рекордтық көрсеткіштерге жеткен жемісті жылдың бірі боп қалмақ. Брендтің жоғары бағаланатын автокөліктерін кімдер сатып алады? Алғашқы орында тұрған американдықтар сатылымның 35 процентін құрап тұрса, 25 проценті қытайлықтарға тиесілі. 20 %-ін сатып алған Еуропа халқы үшінші аяқтап тұр. Брендтің көліктері – тек қана «жетістік пен жеңістің» көрінісі емес, сонымен бірге жыл сайын жаңа үлгілері қарастырылатын, жайлы әрі тиімді жол жүру құрылғысы.

Айта кетейік, көліктердің құны 10 жыл бұрынғы кезден бірнеше есе артқан. Қазіргі ең төменгі баға 500 миллион евроны құрайды. Қазақшаласақ, 251 115 000 000 теңге. Бұл қазақстандықтардың қанша жылдық айлығы екенін есептей беріңіз. Әр елдегі халықтың өмір сүру стилі мен әлеуметтік жағдайын осыдан-ақ білуге болады. Американдықтар үшін брендтен жаңа көлік міну таңданарлық дүние емес. Еуропалықтар «Rolls-roys» -ты жұрттан қалмау үшін не мақтану үшін мінбейді.

Бетті дайындаған Дина БӨКЕБАЙ

АРАЛ ЖАНАШЫРЫ – 75 ЖАСТА

Облыстық Ә.Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми кітапханасында эколог-жазушы Сайлаубай Жұбатыровтың 75 жас мерейтойына арналған «Теңіз төбіренткен талант» атты кездесу кеші өтті.

Жиынға облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Мира Қазбекова, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрайымы Қаршыға Есімсейітова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, "Құрмет" орденінің иегері Әмір-Темір Хусейін, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Қазыбай Құдайбергенов ақын-жазушылар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Мерейтой иесінің гибратты ғұмыры мен атқарған еңбектерін атап, құрмет пен ілтипатқа толы жылы леіздерін білдірді. Сонымен қатар, Қаршыға Құрмашқызы Қазақстан Жазушылар Одағының "Құрмет" грамотасын, Мира Қазбекова жазушыға облыс әкімінің атынан "Құрмет" грамотасын табыстады.

ҚАУІПСІЗДІК – ҚОҒАМҒА ОРТАҚ

Жыл мезгіліне қарай адам өміріне қауіп төндіретін түрлі жайттар орын алатыны белгілі. Осыған орай қыс мезгіліндегі мүздағы қауіпсіздік ережелері туралы облыстық азаматтық қорғаныс офицерлері Мадияр Әбсаттар мен Нұржігіт Тұрғанбай баяндады.

Жалпы өткен жылы облыс аумағындағы су айдындарында 30 жағдай тіркелген. Оның ішінде судағы қауіпсіздікті сақтамағандықтан жыл ішінде 24 ересек, 9 жасөспірім қаза тапқан. Бұған қоса балық шаруашылығы инспекциясының қызметкерлімен бірлесіп, облыс көлемінде профилактикалық жұмыс барысында азаматтардың заңсыз балық аулау бойынша 419 дерек тіркелсе, оларға 4 млн 446 мың 400 теңге айыппұл салыныпты. Ал бюджетке айыппұл есебінен 4 млн 385 мың 200 теңге өндірілген.

«Қала аумағында 55 мектепте 117 450 оқушыға «Мұздағы қауіпсіздік ережелері», «Мұзда зардап шегушілерді құтқару, алғашқы дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету тәсілдері» бойынша 409 интерактивтік сабақ өткізіп, түсіндірме жұмыстарын жүргіздік. 64 мектептің басшысы мен мұғалімдеріне судағы қауіпсіздік ережелері жөнінде онлайн сабақ та ұйымдастырылды.

Мұзда балық аулау кезінде қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау қажет. Мұздың жұқа және қатпаған жерлеріне шығуға, топтасып жиналуға тыйым салынады. Ойықтарға, жарықтарға жақындауға болмайды. Сонымен қатар 2 шұңқырдан артық тесуге болмайды, от жағуға да рұқсат етілмейді. Қауіпсіздік шараларын сақтайық, қазіргі таңда түрлі жағдайлар кездесіп жатыр», – деді Мадияр Әбсаттар.

Ш.ИСА

АҚЫНМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Тереңөзек кентіндегі №131 Т.Қозыбаев атындағы орта мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жас ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі Ақтөре Ибрагимұлымен кездесу ұйымдастырылды.

Мектеп кітапханашыларының ұйытқы болуымен өткен іс-шарға мектеп директоры А.Әлиева, ұстаздар және әдебиетке құштар оқушылар қатысты. Әдеби кеште талапкер оқушылар 5, 6, 7, 8 сынып оқушылар ақын өлеңін жатқа оқыды. Сондай-ақ қаламгерге шығармашылық жолдағы жетістіктері мен жоспарлары туралы сұрақ қойып, жауап алды.

Шарада №131 Т.Қозыбаев атындағы орта мектеп оқушыларымен қатар №210 О.Әбілпаттаев атындағы орта мектебінің оқушысы А.Садуақасов та өлең оқыды.

Шара соңында мектеп директоры А.Әлиева сөз сөйлеп, кездесуге арнайы уақыт бөліп келген ақынға рақметін айтып, шығармашылық сәттіліктер тіледі.

КІТАП ОҚУДЫҢ ПАЙДАСЫ ҚАНДАЙ?

Адамдар кітапты тек демалу немесе бос уақытын өткізу үшін оқымайтын болар?! Әрине, жақсы кітапты оқу арқылы адамның білім көкжиегі кеңейеді, ішкі жан дүниесі рухани байып, есте сақтау қабілеті арта түседі.

Әрі кітап оқу арқылы адамның сөздік қоры көбейіп, ойлау қабілеті артып, өз пікірін еркін жеткізе алады. Сондай-ақ кітап логикалық ойлауды дамытады. Оқығаныңды іштей талдасаң, адам психологиясын жетік түсіне бастайсың. Көңіл-күйің болмаса да кітап оқу бір сәт жабырқаудан арылтады, тіпті уақытша болса да уайымыңды басады.

Кітаптың адам ағзасының қартаймауына септігі бар екенін де ғалымдар дәлелдеуде. Егде адамдармен жұмыс жасайтын Федеральды біріккен ұйымның қызметкері Урсула Ленз бұл туралы былай дейді: «Егде адамдар үшін кітап оқу пайдалы екеніне бірнеше себеп бар. Біріншіден, оқылған сөзді санада бейнеге айналдыру қабілеті когнитивті қызметке жақсы әсер етеді. Екіншіден, оқу ойын жинақтауға көмектеседі. Сондықтан оқудың қартайғанда да белсенді ақыл-ойды сақтап қалуға пайдасы бар екен». Осы келтірілген дәлелдер арқылы әр адам кітапты ең жақын досы етеді деп үміттенемін.

Жансұлу ЕШІМОВА,
Жалағаш аудандық кітапханасының оқырмандар бөлімінің меңгерушісі

БРИФИНГ

СЫРДАРИЯДАҒЫ СЕРПІН

Сырдария ауданының әкімі жақында өткен жыл өншісіндегі жұмыстарды қорытындылап, биыл атқарылатын міндеттер туралы есеп берді.

Мәліметтерді парақтасақ, соңғы жылдары аудан әлеуметтік-экономикалық даму жолында оң көрсеткіштерге қол жеткізген. Аудан бюджетінің көлемі 13,1 млрд теңгені құрап, оның 73%-ы әлеуметтік салаға бағытталған. Өткен жылдың қорытындысымен Сырдария облыста алдыңғы қатардан көрініп, «Үздік аудан» атанды. Ауданда шаруашылық құрылымдары 33 мың гектарға дәнді-дақылдар егіп, егіннің ебін тауып отыр. Оның ішінде 21 мың гектарға күріш егілсе, 133 мың тонна күріш салысы жиналған. Америка, Әзірбайжан, Моңғолия, Қырғызстан және Тәжікстан мемлекеттеріне 16 мың тонна ақ күріш экспортталған. Сонымен қатар 1019 гектар жерге көкөніс пен бақшалық дақылдар егіліп, 25 мың тоннаға жуық өнім алынған.

– Су тапшылығы шаруашылықты өткен жылы әбігерге салғаны белгілі. Облыстық бюджеттен 198 млн теңге қаржы бөлініп, 6 каналдың 56,2 шақырымына механикалық тазарту жұмыстары жүргізілді.

2022 жылы жұмыспен қамту орталығына 3472 адам өтініш білдіріп, 3115 адам жұмыспен қамтылды. Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында Сырдария ауданында 500 жобаға 3 млрд теңге қаржылай қолдау көрсетілді. Соның негізінде 450-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылды. Ауданда құрылыс жұмыстарын атқаруға мемлекеттік бюджеттен 2 млрд теңге қаржы бөлінген. Сондай-ақ «Балалар жылы» аясында демеушілер қолдауымен 6 ойын алаңы салынды. Жолдың жайы да шет қалған жоқ. Аудан бойынша автомобиль жолдарын жөндеуге 1,3 млрд теңге қаржы бөлініп, 23 жоба іске асырылды. «Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасы негізінде Сырдария ауданында 11 жобаны жүзеге асыру үшін республикалық және облыстық бюджеттен 887 млн теңге бөлінген.

Атап айтқанда, Ақжарма және Н.Ілиясов ауылдық елді мекендеріндегі көшелерді жөндеу жұмыстары жүргізілді, – дейді аудан әкімі.

Білім саласының да бәсі биік. ҰБТ қорытындысы бойынша аудан нәтижесі облыста жоғары болып, бітірушілердің 91%-ы мемлекеттік грант иегері атанған. Аудан басшысының айтуы бойынша, 2023 жылы да Сырдария ауданында ерекше қарқынды жұмыстар атқарылады. Биыл барлығы 11,6 млрд теңгені құрайтын 71 жоба бюджеттен және демеушілер есебінен әзірленіп, республикалық және облыстық бюджетке ұсынылған. Қазіргі таңда жалпы құны 7,7 млрд теңгені құрайтын 45 жобаның бюджеті толық алынған.

Шаһизада ИСА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 4-курс студенті

«Сыр медиа» ЖШС
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының сайлауына орай үгіт-насихат материалдарын облыстық «Ақмешіт жастары» газетіне орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады

Облыстық **"Ақмешіт жастары"** газеті 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады. Газет форматы – Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына бір рет: **бейсенбі** күні.

Таралымы – 6846 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:
бірінші бетте орналастыру – 250 теңге;
ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

* * *

aqmeshit-zhastary.kz ақпарат агенттігіне (сайт) үгіт-насихат материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – **16800 теңге**, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 х 1180 px – **11200 теңге** (1 апта), **1600 теңге** (1 күн);
400 х 800 px – **8960 теңге** (1 апта), **1280 теңге** (1 күн).

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады.

Үгіт-насихат материалдары демалыс және мереке күндерінен басқа 2023 жылдың 21 ақпанынан 2023 жылдың 17 наурыз аралығындағы шығарылымдарында жариялануына байланысты алдын ала тапсырыстар қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/,
e-mail: *smjarnama@mail.ru*

КАЙДЗЕННІҢ ҚҰДІРЕТІ НЕДЕ?

«Барлық ұлы істер кішкентай істерден бастау алады» дейді Питер Сенге. Осы мақсатта жапондық ірі компаниялар еңбек сапасын жоғарылатып, жетістікке тез жету үшін қарқынды түрде кайдзен әдістерін қолданады. Бұл стратегия сіз бен біздің армандарымыздың нақтылануына көмектеседі. Нәтижеге жету үшін жасалатын кішкентай қадам пәлсапасы алғаш рет Жапонияда соғыстан кейін генерал Дуглас Макартураның оккупациялық күштері қиыраған елді қалпына келтіруге кіріскен кезде енгізілген.

Кайдзен – дамуға апаратын үздіксіз, шағын қадамдар стратегиясы. Кайдзен сіздің назарыңызды басқару арқылы

энергияңызды да басқаруға негізделген жоспарлау жүйесі десек қателеспейміз. Өзгерістің барлық түрі, тіпті, оң өзгеріс болса да кейде бізді қорқытады. Түбегейлі немесе революциялық әдістер арқылы алға қойған мақсаттарға жете алмайтын сәттер болады, өйткені олар санадағы қорқынышты күшейтеді. Бірақ кайдзен стиліндегі кішкентай қадамдар мидың реакциясын жеңілдетіп, ұтымды ойлау мен шығармашылықты ынталандырады. Кайдзеннің жеке қолданылуы алты түрлі стратегияны қамтиды. Олар:

– қорқыныш-ты басып, шығармашылықты шабыт-тандыратын шағын сұрақтар;

– жаңа дағдылар мен әдеттерді қалыптастыруға арналған шағын ойлар;

– табысқа кепілдік беретін шағын әрекеттер;

– жойқын дағдарыс жағдайында да кішігірім мәселелерді шешу;

– өзіңіз үшін нәтижелердің жақсаруын ынталандыратын шағын сыйақылар;

– басқалардан асып түсетін кішкентай, бірақ шешуші сәттерді танып, мойындау.

Миды «бағдарламалаудың» ең тиімді әдістерінің бірі – кайдзеннің жоғарыда аталған шағын сұрақ қою әдісі. Олар шығармашылық пен еркіндікке қолайлы жағдай жасайды. Басқаларға шағын сұрақ қою арқылы сіз шығармашылық ағынды бүкіл команданың ортақ мақсатына бағыттайсыз. Өзіңізге шағын сұрақтар қою арқылы өзгерістерге арналған кайдзен бағдарламасының негізін қалайсыз.

Адам миы сұрақтарды жақсы көреді. Қаласаңыз, осы экспериментті жасап көріңіз. Досыңыздан жанында тұрған көліктің түсін сұраңыз. Сіздің досыңыз баста не сұрап тұрғаныңызды түсінбеуі мүмкін. Келесі күні сұрақты қайталаңыз, содан кейін тағы бір рет сұрап көріңіз. Төртінші күні досыңызда таңдау қалмайды. Ол тұраққа көлігін қоярда міндетті түрде жанындағы көліктің түсіне қарайды. Себебі оның миы сіздің оғаш сұрағыңызға жауап беруге дайын тұрады. Сондықтан ол көліктің түсін қысқа мерзімді жадқа енгізеді. Бұл нәтиже үшін біз есте сақтау механизміне қатысатын гиппокампқа қарыздармыз. Ол қандай ақпаратты сақтауды және қайсысын қалпына келтіру керегін шешеді. Есте сақтауға арналған гиппокамптың негізгі критерийі – қайталау. Яғни бір сұрақты жиі қою арқылы ми оған назар аударып, жауап іздеуге кіріседі.

Шаһизада ИСА

СТУДЕНТТІК ӨМІР

Өмір баспалдағының екінші бір кезеңіне аяқ басқанда үлкен қуаныш көрдік. Біз үшін студенттік өмір – қызығы таусылмас дәурен секілді еді. Ата-ананың берген қаржысын қалтаға салып, алғашқы бір айды тоқшылық пен кеңшілікте өткізген «балмұздақтардың» алдынан тест сынақтары күтіп тұрғанын мүлде сезінбесек керек. Кітап парақтап, дәптерді шимайлаған студент көрсек төбе шашымыз тік тұратын. Біздің бойымызды қорқыныш түбегейлі жаулай алмады. Себебі, ата-анадан жырақтап өзге елге, не болмаса өзге қалаға асықпадық.

Жаңа орта, жаңа ғимарат, жаңа ұстаздар мен бұрын мүлде естімеген мамандыққа сай термин сөздер. Өмір өзгеріп кеткендей. «Аудитория, эдвайзер, рубежка, силлабус» сынды сөздер айтылып жатыр. Білмесе де білгендей кейіп танытқан топтастардың жүзінен қуаныш сезіледі. Кезекпен өзін таныстырып, білім алуға сақадай-сай екенін тілге тиек еткендері де болды. Араға ұзақ уақыт салмай-ақ бұл өмірге де үйренісе бастадық. Еркіндік, ұмтылыс, қайсарлық қазықтай қағылып, арқаға ауыр жүк байланды. Студенттерді бөліп жару мүмкін емес. Жарқын естелікке тоймайтын білім алушыларды өз қызығушылықтарымен ғана ерекшеленетінін ойламасақ керек. Бірін сабақ қызықтырса, енді бірін шара қызықтыратын. Өз идеяларын жүзеге асыруға ұмтылған студент жолына тұсау болмайтын оқытушылардың асқан білімділігі зор қошеметке ие.

Індет дендеп, қашықтықтан білім алу жүйесіне көшкен күндері бас киімін аспанға ұшырған студенттерді көп ұзамай сағыныш сазы кернегені де рас. Ыстық ұяға айналған білім ошағының ұмытылмас сәттері мен студенттік өмірдің бал күндері көңілді толғандырмай қоймады. Мендегі білімге деген махаббатты оятқан оқу орнындағы оқытушылар. Сырдың сырлы әр студентіне өз баласынан кем қарамайтын ұстаз мәртебесі жоғары екені ауыз толтырып айтарлықтай. Студент өмірінің өзіндік орынға ие болуы кез келген тұлғаның өз қолында. Таңсық өмірден көкірек кез ашылып, жаңаша өмірдің қалыптасуы қоршаған ортаға байланысты. Ал, студент өмірінің әр кірпіші біз жүрген ортамен қаланатынын жадымыздан шығармайық.

Айгерім ӘЛІШЕР

ҚАРА ҚҰНАЖЫННЫҢ ЗАРЛЫ ҮНІ

Бала күнімде демалыс бола қалса, нағашымның ауылына асыға жөнелетінмін. Ыстық сүтін сапырған апамның алақанына емірене, пеш түбіндегі мысықтай жайғасып пырылдап ұйықтайтынбыз. Төрт түлікті серік еткен көкемнің де ауылдағы шаруасына қолқабыс ететініміз бар. Жазды күні түтіндік түтеткен атамның жануарларға махаббаты шексіз екені мына маған аян еді. Басынан сипап, асқан мейірімділікпен қарайтын.

Ұлы сәске уақытта жолға шықтық. Көлік алдына көкем жайғасты. Бекту көкеммен жол бойы ананы-мынаны сөз етіп келеміз. Көкем түліктің қай түрін болмасын жақсы көрсе де, түйеге деген көзқарасы ерекше еді.

Жай ғана күрсініп «ой, жануар» дейтін. Содан мазалаған сұраққа жауап алуды жөн көріп, «Көке, сіздің мал-жанға деген махаббатыңыздың ерекше екенін білемін. Бірақ түйені көргенде, оны «ой жануарлар» деп айтуыңызға не себеп?! – деп сұрадым. Шақырымдарды артта қалдырған Бекту көкем жол бойы үнсіз келді. Жеткен бойда аптығын басып, жайланып алған соң ғана әңгімесін ақырын бастады.

«Шиелі өңіріндегі халықтың 20-30%-ы көршілес Өзбек, Тәжік, Қырғыз ағайындар арасынан көшіп келгендер. Кезінде түрлі себептермен келген бұл халық қиыншылықтың дәмін татты. Егінін жинап болған соң бір жерден екінші жерге қоныс аударатын. Неге екені белгісіз араларын 10-20 шақырым етіп айырып, бір жерде топтасып отырмайтын. Түліктің төртеуінде баққан әр шаңырақта 10-15 малдан болушы еді. Бұл халықтың басы сабантойда немесе құрбан айт, ораза айтта ғана қосылып, дидарласатын. Осындай кездесудің бірінде тағы да қоныс аударуға тура келгенін біледі. Айтуға қиын болса да, айтайын деп күрсінген Бекту көкемнің жанарына үңілдім. «Түйеге жол көрсетсең, бармайтын, жетпейтін жері жоқ. Сол кезде қазақтар түйелерді колхозға өткізіп, көшпек болған. Бұл мезгіл жаз айының ортасынан ауған кез. Хабар бірбіріне жетіп, бота тайлақ түйелерді ет комбинатына жөнелтеді. «Жануар» демей не дейін? Әшейінде қайда жетелесең сонда жорта беретін бұл сапардың ажал сапары екенін білгендей, аяқ баспады. Жетектеген жанда да, жетектелген малда да зәре жоқ. Арасы ат шаптырым үлкен қораға жануарларды әрең дегенде кіргізген еді. Цемент қорадан мойынын созып зарлап тұрған бір түйе. Әсіресе біздің қара құнажынның екі көзінен шелектеп аққан жасы мен зарынан қашып кете алмағанды. Зарлаған жануарлардың даусы олардың қарасы көрінбей қалғанға дейін құлағымыздан кетпеді. Көкем – көрген-білгенін іште сақтайтын жандардың бірі. Үйге келе теріс қарап жантайған бойы нәр татпастан тура 3 күн жатты. Кейін өз-өзіне келіп, болған жағдайды айта бастағаны сол еді, үйдегілердің көзіне жас алмағаны болмады. Осы кезде Бекту көкемде ұзақ үнсіз отырды. Тіпті оқиғаны көзбен көрмеген мына менің де көңілім босағандай. Арада қаншама жылдар өтсе де қара құнажынның зарлы үні құлағымнан кеткен емес. Ажал неткен қорқынышты еді?! Мал екеш, малдың өзі иіліп, зарлана жылар ма?

Б.ӘЛІШЕР

БЕРЕКЕЛІ БИЗНЕС БАСТАУЫ

Аймақта талай жыл еңбек етіп, ел экономикасының дамуына үлес қосып жүрген кәсіпкердің қатары көп. Шаруасы оң, табысы берекелі кәсіп иесінің бірі – «NP Consulting» негізін қалаушы Ғалым Маратұлы.

Еңбек адамы кәсібін 2013 жылы бастап, жан-жақты іздену арқылы өндіріс орнын үлкейткен. Қазір «NP Consulting»-те күніне 500 қорғаушы каскасын шығарады. Жеңіл өнеркәсіп саласына серпін әкелген кәсіпкер биылдан бастап 19 литрлік су бөтелкесіне арналған қақпақша шығаруды қолға алған. Бүгінде аталған өнімдерге тұтынушылар тарапынан сұраныс жоғары, сондықтан дайындалған қақпақшаларды барлық өңірге жеткізу жолға қойылған.

− Бүгінде біздің қорғаушы каскаларымызды құрылыс саласына қатысы бар барлық компания қызметкерлері киеді. Бұл өнімнің сапасына 3 жылға дейін кепілдік беріледі. Жалпы жылдан-жылға бұл бұйымның саны артып, былтырдың өзінде 34 мың каска шығардық. Қазіргі таңда 10-ға жуық адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етудеміз. Дегенмен, маусымдық кезеңде жұмыс күшін күшейтеміз. Алдағы уақытта екі ауысымнан үш ауысымға дейін жұмыс күніне ауысуды және өнім көлемін одан әрі арттыруды жоспарлап отырмыз. Ал су бөтелкелеріне арналған қақпақшалардың 2 түрі өндіріледі. Күн сайын 10 мың қақпақ шығарудамыз. Бұл бұйымның шикізаты көршілес Ресей елінен тасымалданады және адам денсаулығына зияны жоқ, − деді кәсіпкер Ғалым Прекешов.

Тынбай еңбек еткен жанның әр таңы берекелі болатыны рас. Кәсіпкер бастамасының тың әрі тұрғындар үшін қажетті жоба ретінде танылуы осыған дәлел.

Аида ШОРАБЕК

«ШӘКІРТТЕРІММЕН МАҚТАНАМЫН»

Әдетте кеншінің еңбегін игерілген қазба байлықпен, диқанның маңдай терін орылған аста-төк астықпен өлшеп жатамыз. Ал таланттытамырын басып таныған жаттықтырушының еңбегін немен өлшейміз? Шәкірт шыңнан көрінсе жаттықтырушының еңбегінің жемісі. Олимпиада чемпионын тәрбиелесем деген арманы бар жаттықтырушы-оқытушы, ауыр атлет Аят Әмірбековбүгінде ондаған шәкірт тәрбиелеп келеді.



Кейіпкеріміз бала кезден спортты жанына серік еткен. Бүгінге дейін көптеген белесті бағындырды. Ендігі межесі – жасөспірімдерді ауыр атлетикаға үйрету. Аят – халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Әлем чемпионатының күміс жүлдегері (2013 жыл), жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатының қатысушысы (2015 жыл), Қазақстанның үш дүркін чемпионы. Ташкент қаласында өткен 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында күміс медаль иеленген.

– Спортты бала кезден серік еттім. Бауырларым да спортқа жақын болды. Әкем қай уақытта да спортпен шұғылдану керегін айтып отырды. Ауыл баласы болған соң бұл спорт маған тансық емес. Ауыр атлетиканы дене бітімі, мінез, бұлшықет құрылымы тұрғысынан алып қарағанда қазақ халқына жақын спорт саналатыны белгілі. Сондықтан көп жұмыс істедім, тәжірибе жинадым. Мақсатым – шәкірттерімді ширату. Қайсар Мысырбек, Ақтөре Қонысбекұлы, Саят Ержан, Диас Мейрамбек секілді болашағынан үміт күттіретін жастарға сенемін. Олар Астана қаласында ауыр атлетикадан және одан кіші жасөспірімдер арасында Қазақстан республикасының чемпионатында жақсы нәтиже көрсетті, – дейді ол.

Кейіпкеріміз ауыр атлетикамен 12 жасынан бастап айналысып келеді. Ж.Баһадүр атындағы облыстық спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернатта оқыған. Оны Арман Әбдіреев пен Жеңіс Алдабергенов сынды жаттықтырушылар баптаған.

– Спортпен айналысу оңай секілді, бірақ жаттықтырушы болу екі есе қиын екен. Өзің мақсатыңа жете алмасаң қынжыласың. Ал шәкіртің мұлт кетсе сенің уайымың екі есе күшейеді. Оның да қобалжығанын, ренжігенін көресің. «Мен қай жерден қателік жібердім» дейсің. Шәкірттерімнің көзінен үміт отын көремін. «Мен жарқ етемін» деген ұмтылыс байқалады. Олардың алға жылжуға, жүлдемен оралуға деген ықыласы уақытымның текке өтпегенін білдіреді. Бір ғана баланың артында қаншама қолдаушы бар, – дейді ол.

Мөлдір САБЫРЖАН

ЖАҢА ТҰЖЫРЫМДАМАНЫҢ ТИІМДІ ТҰСЫ



Аталған құжатта Мемлекет басшысының тапсырмалары мен «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қол жетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасының барлық көрсеткіші мен іс-шарасы қамтылған. Соның негізінде жаппай спорт инфрақұрылымдарын салу қолға алынады. Бұл туралы Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов мәлімдеді.

Мәдениет және спорт министрлігі Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес дене шынықтыру мен спортты дамытудың тұжырымдамасын қабылдау бойынша жұмыстарды пысықтауда.

«Тірек ауылдарда тез салынатын модульдік спорт ғимараттарын салу және дене шынықтыру үшін қолжетімді инфрақұрылым яғни спорт алаңдары, жүгіру және велосипед жолдары, жаяу, сондай-ақ атпен жүретін туристік маршруттар құру жоспарланып отыр. Ол үшін ең алдымен еліміз бойынша жұмыс істеп тұрған спорт нысандарын «ауқымды түгендеу» жұмыстарын жүргізетін боламыз», – деді министр.

Негізгі мақсат – аймақтарда спорттық инфрақұрылымды дамыту және оның қолжетімділігін арттыру. Бұған қоса Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елімізде балаларды тегін спорт секцияларымен және шығармашылық үйірмелермен қамту ұлғаяды. Аталған бағдарлама аясында былтыр 400 мың балаға жағдай жасалған болса, биыл 4 жастан 17 жасқа дейінгі 560 мыңнан астам бала тегін секциялармен және үйірмелермен қамтамасыз етіледі.

«Биыл бұл бағыттағы жұмыс күшейтіледі. Оған 86,7 млрд теңге бөлінді. Бұл сома 560 мың баланы тегін үйірмелермен, секциялармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл өткен жылдың көрсеткіштерінен 160 мыңға артық. Ендігі кезекте өңірлерде мәселелерді шешуді жеделдетіп, дереу жұмысқа кірісу қажет» делінген жауапты ведомствоның мәліметінде.

Күн тәртібінде кәсіби спортшылардың, жаттықтырушылар мен мамандардың бірыңғай электронды деректер базасын іске қосу тұр. Бұл спортшының физикалық және моральдық жағдайын, оның күшті және әлсіз жақтарын объективті бағалауға мүмкіндік береді. Таланттарды іздеу бойынша жұмысты жүйелеуге және спортшылар мен жаттықтырушыларды бағалау кезінде субъективтіліктен аулақ болуға да сеп. Сондықтан Мәдениет және спорт министрлігіне Цифрлық даму инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен серіктестікте «E-sport» платформасын іске қосуды жеделдету тапсырылып отыр.

Басым міндеттердің тағы бірі – балалар арасында ұлттық спортты насихаттау. Бұдан былай «Қазақша күрес» мемлекеттік спорттық тапсырыс шеңберінде қаржыландырылатын спорт секцияларының тізіміне енгенін ерекше атап кеткен жөн. Бұл тізімге алдағы уақытта тоғызқұмалақ пен асық ату да кіреді.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРҒА ҮСТЕМЕАҚЫ БЕРІЛЕДІ

Мәдениет және спорт министрлігі спорт және дене шынықтыру саласын дамытуға арналған алқа отырысын өткізді.

Жиында министр Асхат Оралов биыл спортшыларға, жаттықтырушыларға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету, мүмкіндігі шектеулі спортшылар үшін жағдай жасау бойынша жұмыстар жалғасатынын мәлімдеді. Атап айтқанда мектеп-интернаттардың жаттықтырушы-оқытушыларына санат үшін үстемақы енгізілгенін, спорт саласындағы кәсіптер бойынша кәсіби стандарттар бекітілгенін, сала мамандары үшін біліктілік талаптарына өзгеріс енгізілетінін жеткізді. Одан бөлек, биыл жаттықтырушы-оқытушыларға топтарды басқарғаны және спортшыларды жоғары тұрған спорт ұйымдарына бергені үшін, сондай-ақ спорттық атақтары үшін қосымша ақылардың жаңа түрін енгізу жоспарда.

Сондай-ақ, Асхат Оралов еліміздің студенттер құрамасын жақында өткен XXXI Дүниежүзілік қысқы Универсиадада (АҚШ, Лейк-Плэсид қ.) 3 алтын, 4 күмісжәне 4 қола медаль жеңіп алуымен құттықтады.

РЫБАКИНА ТОП ЖАРДЫ



Әйелдер теннисі қауымдастығы (WTA) әлемнің үздік теннисшілері рейтингінің жаңартылған нұсқасын жариялады.

Қазақстан құрамасының көшбасшысы Елена Рыбакина Аустралия ашық чемпионатының финалына дейін жетуі нәтижесінде 15 сатыға көтеріліп, карьерасында алғаш рет әлемдік рейтингтің үздік ондығына енді. Юлия Путинцева үш сатыға көтеріліп, 44 орында тұр. Жібек Құламбаева 34 сатыға, Гозал Айнитдинова 79 сатыға көтерілді. Өткен маусымның екінші жартысынан бері өнер көрсетпеген Зарина Дияс бұрын жинаған ұпайларынан айырылып, қазір рейтингте жоқ.

Жұптық сында Анна Данилина 10 сатыға төмендеп, 24 орында тұр. Ал Елена Рыбакина Аустралия ашық чемпионатының 1/8 финалына шыққаннан кейін 70 сатыға көтеріліп, 108 орынға тұрақтады.

Australian Open жеңімпазы беларусь өкілі Арина Соболенко бесінші орыннан екінші орынға, американдық Коко Гауф алтыншы орынға көтерілді. Ресейлік Вероника Кудерметова Топ-10 қатарынан шығып қалды, оның орнына Рыбакина көтерілді.

АЗИЯ ЧЕМПИОНДАРЫНА ҚҰРМЕТ

Сыр халқы бокстан Азия чемпионы Нұрсұлтан Алтынбекті күтіп алды.

Сыр чемпионын күтіп алуға ниет білдірушілер көп болды. Перрон Нұрсұлтанның спорттағы ұстаздары, жақындары, өзі оқитын Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы және жас боксшылармен толды.

Естеріңізге сала кетейік, Тайландтың Бангкок қаласында бокстан 19-22 жас арасында өткен Азия чемпионатында ерлер арасында Сыр спортшысы 54 келі салмақта I орын иеленген болатын. Чемпионның жетістікке жетуіне жаттықтырушылары Сейтжан Төкенов, Жаңабек Әлиев, Жамил Жүсіповтың еңбегі зор.

Бұдан бөлек, бокстан Азия чемпионы атанған Гүлсая Ержанға да жерлестері ыстық ықылас көрсетті. Сыр жұрты қайсар қызды үлкен қуаныш-пен қарсы алды.

ЕРІКТІЛІК ЖАС ТАЛҒАМАЙДЫ

«Басқаға қуаныш сыйлай білген – ең бақытты жан» деген француз философы Дени Дидро. Бұл пікірге волонтер Серік Ерімбетов сүйенеді. Негізгі мамандығы – электрик. Маңызды мамандықты серік етсе де, қолы қалт еткенде тұрғындарға жәрдемдесіп, көмектесуге даяр. Смартфон ұстап, көгілдір экранға телміргеннен гөрі уақытты игі іске жұмсауға асығатын кейіпкеріміздің еңбегі елге белгілі. Себебі, қоғамдық шараларда белсенді тұрғын бұған дейін бірнеше адамға қуаныш сыйлап, ертеңге деген үмітін оятты. Өзі таңдаған еріктілік қызметтің арқасында.

– Соңғы жылдары біз волонтерліктің не екенін шын мәнінде ұғындық. Ең бастысы, еріктілер мейірімсіз қоғам болмайтынын байқатты. Әсіресе, Сыр волонтерлары вирус өршіген уақыттары, төтенше жағдай кезінде түрлі бағыттағы жобаларға атсалысып, елмен бірге екенін көрсетті. Мен де қалыс қалмадым. Облыстық «Жастар ресурстық орталығының» жанынан ашылған «Волонтерлердің фронт-офисіне» мүше болдым, оның ішінде қоршаған ортаны қорғауға бағытталған «Таза әлем» бағытына жетекшілік еттім. Тек осы бағытпен шектеліп қалмадым, іздестіру ісіне үлес қостық, тазалық рейдтеріне атсалыстық, қамкөңіл жандарға мүмкіндігінше қолдау таныттық. Аз уақытта атқарылған істердің бір парасы осы. Жалпы, еріктілердің мақсаты – алдағы уақытта да осы қарқыннан таймай, ортақ игілікке жұмылуын жалғастыру, кең пейілі және жомарттығымен өзгелерге үлгі болу. Арамызда волонтерлік қызметке кейде мойын бұрып қарамайтындар кездесіп жатады. Бірақ, волонтер болу бұл – құрметті қызмет, ар-намыс кодексін қатаң ұстанатын өмір салты дер едім. Өзінің көкейде жүрген кей арманын қалай орындарын білмей жүрген жастар волонтерлік арқылы қалаған ниетіне қадам баса алады, – дейді С.Ерімбетов.

Бұл ретте ерікті өзінің жастық шағында волонтер деген атау таңсық болғанын, ол туста «Тимур және оның командасы» қайырымдылықтың бастауы ретінде есте қалғанын айтты. Ол қарттарға қолғабыс етуге, мұқтажға демеу болуға және жақынға жанашырлық танытуға үндеген бұл команданың қазір волонтерліктен үндесіп, қайта оралғанына қуанышты. Бүгінде кейіпкеріміз Шәкәрім айтқан «адамдық борышын, халқына еңбек қыл» тәмсілін тұмар етіп, ізгі ісін жалғастырып келеді. Бұл волонтерліктің жас талғамайтынын көрсетіп отыр.

– Волонтер десек, көпшілік онымен қолы бос адам айналысады деп ойлайды. Мұндай стереотип волонтерліктің ұлттық қозғалыс ретінде дамуын тежеп отыр. Ерікті болу үшін тек мейірімді жүрек, таза ниет, жақсылыққа ұмтылыс ғана керек және ол атаулы жұмыс аясында ғана айналысатын іс емес. Менің де күнделікті атқаратын қызметім бар, жұмыс қауырт. Дегенмен, «Қалауын тапсаң, қар жанады» деп бекер айтылмаған. Барлығына уақыт табу керек. Әлеуметтік желіден немесе ақпарат көздерінен көмекке мұқтаж жан жайлы оқысам, сол ой маған маза бермейді. Қалайда қол ұшын созу керек деп бір адамның, тұтас отбасының аяққа тұруына себепші болуға асығамын. Бұл – маған берілген сый, – дейді ол.

Кейіпкеріміздің аралас-құралас жандар «Менен қандай да көмек қажет болса, көмектесуге дайынмын!» дейтін жанашыр азаматтың бір сәт бос отырғанын байқамаған. Абзал істерімен әлемді нұрландырып жүрген жан өзі құрған «Сұлу журектер» қоры арқылы қайырымды істерге ұйытқы болуда. Пандемия өршіген тұста алдыңғы шептен көрінді, Мақтарал ауданындағы тосыннан келген су апатынан зардап шеккен ағайындарға да алғашқылардың бірі болып қол созды. Сонымен қатар «Хикмет» қорымен бірлесіп, қомақты қаржы жинақтап, қалада өрттен зардап шеккен отбасыға көптен күткен баспана бақытын сыйлады. Бұдан бөлек, Серік Ерімбетов бұрын Ішкі істер органдарында қызмет еткен Нұрлан Келаманов есімді досының еміне де қаржы құрап, көршілес Қырғыз елінде ота жасатуына ықпал жасаған еді.

– Қайырымдылықтың басы-қасында жүру оңай шаруа емес. Көпшілік өз аузынан жырып, барымен бөліседі. Алаяқтардан абай болу керек, басқа шотты көрсетіп, олардың алдымызды орап кетуі де ғажап емес. Әр тиынға жауапкершіліктен қарау, сенімге селкеу тусірмеу маңызды. «Көп түкірсе, көл болар» деген. Біздің қоғамда қайырымды, мейірімді жан көп. Үмітін үкілеп отырған отбасыларға көрсетілген қолдау соның дәлелі, – дейді кейіпкеріміз.

«Екінші ұстаз» атанған Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары көзқарастары туралы» атты еңбегі бар. Онда бақытты өмір сүру үшін халықты қалай басқару керек, тұрғындардың қалай өмір сүру керек екені жайында қамтылады. Ол қайырымды қалаға бірге тұратын, мақсаты ортақ қауымды жатқызған. Ойшыл мұндай жұрттың баянды бақытқа жететінін де айтады. Кезекті кейіпкеріміздің қолға алған істері туралы естігенде, осы еңбек еске түсті. Себебі, қайырымды жандар бар ел бақытқа бір қадам болса да жақындары анық.

М.СНАДИН

АСТРИДТІҢ ҰЗДІК ЖАЗБАЛАРЫ

Осыдан біраз жыл бұрын ЮНЕСКО жариялаған әлемдегі ең көп аударылатын кітаптар тізімінде махаббат пен мейірімге толы бір туынды бар. Кішкентайлардың сүйікті кітабы «Ұзыншұлықты Пиппиді» білетін боларсыз?! Міне, осы кітап әлемдегі жүзге жуық тілге аударылып, аталған тізімде бесінші орынға жайғасқан. Еңбектің авторы Астрид Линдгрен өз балаларына ғана емес, әлемдегі әрбір бүлдіршінге қайталанбас шығармаларды тарту етті.

Астрид – Швецияның аңыз адамына айналған балалар жазушысы. Оның қиялға бай, ғажап туындыларының дүниеге келуіне кішкентай қызы Карин әсер еткен. Баласы ауырып қалған әр кеше ойын аулағысы келген ананың ойдан құрастырған ертегілері мен әңгімелері уақыт өте келе дүниежүзінің әр баласы оқитын туындыға айналды.

Арқасында ұшатын қанаты бар шатырдағы Карлсон мен Балақай сізге де таныс болар. Бұл да бүлдіршінін тәтті ұйқыға бөленген Астридтің кезекті туындысы болатын. Оқиға барысында сан түрлі жағдайды бастан өткеретін жирен шашты Пиппи туралы әңгіме біраз жылдан соң қарапайым анаға жазушы атағын сыйлады. Астрид қызы он жасқа толғанда «Пиппи туралы хикая» деп аталатын алғашқы кітабын сыйлыққа береді. Балалардың сүйікті кітабына айналған бұл туынды 1945 жылы жазылып, 1950 жылдары жарыққа шыққан. Кішкентайлардың көңіліне қуаныш сыйлаған жазбаның бәрі Астридті балалар әлеміне жетелей түсті. 1944 жылы «Робен және Шёгрен» баспасының байқауына қатысқан ол «Бритт Мари жанынды қыспақтайды» повесімен жүлделі орынға ие болды. Әрі балалар әдебиетінің редакторы болуға шақырған баспаның ұсынысын қабылдап, зейнетке дейін осы жерде қызмет жасайды.

Мағынасы да, мәтіні де балаларды жылулыққа бөлейтін «Ұзыншұлық Пиппидін» қазақша «сәйлегеніне» де көп бола қойған жоқ. Барлық баланың күшті, еркін болуды армандайтыны рас. Ал Пиппи – әлемдегі әрбір баланың арманын жинақтаған кейіпкер. Айналасындағылардың бәрі Пеппиді тәрбиелегісі келсе де, оның балалықпен қоштасқысы келмейтін тілегін ұғынуға тырыспайтыны қазіргі қоғамды да суреттегендей болады. Осындай қызықты сюжеттен құралған туындыны Мира Сембайқызы үш ай уақыт ішінде қазақ тіліне толық аударып шыққан екен.

“Кеп балалалы ана болғандықтан өзім де балаларыма арналған қазақша кітаптар іздеп интернет-дүкендерді ақтарып отыратынмын. Әйгілі швед жазушысы Астрид Линдгреннің “Пиппи Ұзыншұлық” шығармасын аудару мен үшін үлкен тәжірибе, қызықты жұмыс болды. Қазақ тіліндегі балалар шығармасына тағы бір кітаптың қосылатыны және оған себепкер болғанымын мен үшін үлкен жетістік. Өзім де балаларға арнап шығармалар жазып жүргендіктен, әрі Пиппидің оқиғалары жеңіл, ойнақы болғандықтан аударма барысында айтарлықтай қиындықтар болмады. Редактормен “Ріррі есімін Пеппи, әлде Пиппи деп аламыз ба?” деп біраз талқыға салып, ақыры дұрыс оқылуына сүйенің, Пиппи деп алдық. Басқа тілдерге аударылғанда да Ріррі деп алған”, – дейді аудармашы отандық басылымға берген сұхбатында.

Астрид – қаламы мен қиялы арқылы балаларға арнап «ғажайып ертегі» әлемін қалып-тастырған тұлға. Оның «Калле Блюм-квист», «Мио, менің Миом» атты ертегі, сурет кітаптары, әндер жинағы да бүлдіршіндерге деген сүйіспеншіліктен жазылған. Ал 1955-1973 жылдар аралығында шыққан «Шатырда тұратын Карлсон» трилогиясы балалар үшін тамаша туындыға айналды. Әлемнің кішкентай тұрғындарына осылай қуаныш сыйлауды көздеген Астридтің еңбегі қоғам тарапынан елеусіз қалған емес. Ол 1958 жылы балалар әдебиетіндегі Нобель сыйлығы ретінде ұсынылатын Кристиан Ханс Андерсен медалімен марапатталған.

Ғаламдағы ең ғажайып махаббат – ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік екені рас. Ал Астридтің жазбалары соны өзгелерге мейіріммен жеткізген керемет үлгі.

Гүлдана ЖҰМАДИН

ЖҰЛДЫЗ - ЖОРАМАЛ

(2 – 9 ақпан)

Тоқты
Адамдармен танысу сіз үшін пайдалы. Сондықтан мүмкіндіктерден бас тарпаған жөн. Жақындармен жылы қарым-қатынас орнатыңыз. Қиындыққа еш мойымай алға қадам басыңыз.

Торпақ
Достар тарапынан жаңа мүмкіндіктер ашуға қолайлы ұсыныс түсуі мүмкін. Егер сіз өзіңіздің алғыр қасиетіңізді мейлінше көрсете білсеңіз, жақсы жетістіктерге қол жеткізуіңіз мүмкін.

Егіз
«Бір қиындықтың артынан екі жақсылық күт» демекші, кез-келген қиындыққа шыдап бағыңыз. Ісіңіз алға жылжуы мүмкін. Бәріне түсіністікпен қараған абзал.

Шаян
Апта қарбаласқа толы болмақ. Тіптен оқиғаның бірінен кейін бірі орын алып жатқанына таң қалуыңыз да мүмкін. Жіберген қателіктеріңіздің жазасы деп есептеп, дұрыс шешім қабылдаған жөн.

Арыстан
Абайлаңыз, отбасыңызда түсініспеушілік орын алуы мүмкін. Жақындарыңыздың жаман жағын емес, жақсылығын көре білгеніңіз дұрыс.

Бикеш
Денсаулығыңызға қараңыз, өзіңізді күтіңіз. Махаббатта жолыңыз болады. Аптада жоспарларыңыз сәтті жүзеге асады.

Таразы
Жұмыста, жеке өміріңізде көптеген қиындық туындайды. Өз күшіңізге сеніңіз. Болашақта табысқа жеткіңіз келсе, сабырлық таныту қажет. Табандылығыңыз дәрежеңіздің өсуіне себеп болады.

Сарышаян
Өміріңізде үлкен өзгеріс болғалы тұр. Тек жақсы жағынан. Қашанда байыппен қарап, ақырын күтіңіз.

Мерген
Махаббатта жолыңыз болады. Жалғыз жүрген жандар серігін іздеуде асқан белсенділік танытады. Әртүрлі саладағы адамдармен оңай тіл табысып, жаңа мүмкіндіктердің есігі ашылады.

Тауешкі
Орын алған жайттың бәрі жақсы болып көрінгенмен біршама қиындықтар туады. Ісіңіз ойдағыдай болмауы мүмкін. Сондықтан жеті рет өлшеп, бір кескен жөн.

Суқұйғыш
Апта жағынан жағымды жаңалықтарға толы болмақ. Алайда аяқсыз қалған жұмыстарыңызды ойлап бас қатуы мүмкін. Жақындардың көмегінен бас тартпаған жөн.

Балық
Апта басында қиын мәселелермен беттесуіңіз мүмкін. Оның шешімін тек қана қолдаушыларыңыз бен беделді таныстарыңыз ғана шеше алатынын естен шығармаңыз.

Кезекші редактор: Г.ЖҰМАДИНОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.
«Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Таралымы: 6846
Тапсырыс: 185